

**«Ақмола облысы білім басқармасының Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі
Атбасар қаласының №7 жалпы орта білім беретін мектебі » КММ
орыс тілі сабақтарында оқушының жеке қабілеттерін дамыту**

(2 - 4 сыныптар)

АНЫҚТАМА

Бақылаудың мақсаты:

Орыс тілі сабақтарында әр оқушының жеке оқу ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, дараландырылған тапсырмалардың берілуін қадағалау;

– Оқушылардың тілдік дағдыларын (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) дамытудағы мұғалім жұмысының тиімділігін анықтау;

– Дарынды және қосымша қолдауды қажет ететін оқушылармен жұмыстың ұйымдастырылу деңгейін бақылау;

– Шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерді дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің тиімділігін талдау;

– Сабақта қолданылатын тапсырмалар мен жұмыс түрлерінің оқушы қабілетіне сай болуын бағалау.

Бақылау нысаны: 4А,Ә сыныптар

Бақылау түрі: жоспарлы бақылау

Бақылау уақыты: 10.11.2025ж

Бақылау нәтижесі:

Сабақ барысында орыс тілі пәні мұғалімдері Байдашева Гульмира Муратовна, Тукушева Зауре Амангельдиновна оқушылардың оқу деңгейі мен қабілеттерін ескеріп, саралап оқыту әдістерін тиімді қолдануда. Оқушылардың тілдік қорын дамытуға, сөйлеу дағдысын қалыптастыруға бағытталған шығармашылық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сөздік жұмыстары, диалог құру және мәтінмен жұмыс түрлері пайдаланылған. Дарынды оқушыларға күрделендірілген тапсырмалар берілсе, үлгерімі төмен оқушыларға қосымша қолдау көрсетіліп, жеке жұмыс ұйымдастырылған. Мұғалімдердің сабақты ұйымдастыруы мен оқыту әдістемесі оқушылардың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттыруға ықпал еткені байқалды.

Қорытынды:

Орыс тілі сабақтарында оқушылардың жеке қабілеттерін дамыту бойынша жұмыс жүйелі жүргізілуде. Мұғалімдер оқушы деңгейіне сай тапсырмалар ұсынып, олардың жеке ерекшеліктерін ескеруге тырысады.

Ұсыныс:

- Жеке оқыту карталарын пайдалану арқылы қабілетті оқушылармен тереңдетілген жұмыс жүргізу;

Сараптама жасаған : БСОІМ Н:Жәнімхан

- Үлгерімі төмен оқушылармен түзету жұмыстарының тиімділігін арттыру;
- Ойын элементтері мен шығармашылық тапсырмаларды жиі қолдану.